

А.Т. Смагулова*, А.С. Еспенбетов, Б.А. Ердембеков

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан
(e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, arap_espenbetov@mail.ru, yerdembekov_baurzhan@shakarim.kz)

Шәкәрім поэзиясындағы текстология мәселелері

Мақалада Шәкәрім шығармаларындағы текстологиялық мәселелер талқыланды. Шәкәрім ақын өлеңдерінің әр түрлі мәтінмен басылуы, оларды бірізге түсіру жолдары қарастырылды. Ақынның көзі тірісінде жарық көрген кітаптары мен XX ғасыр басында баспасөз беттерінде жарияланған шығармаларына өзі қадағалаған мәтін ретінде қарау ұсынылады. Сондай-ақ ақынның баласы Ахат Шәкәрімұлының қолжазбалары басшылыққа алынып, қатаң салыстырулар жасалғанда ғана нәтижеге қол жеткіземіз. Шәкәрім өлеңдерінде қате оқылып жүрген сөздер 1912 жылғы жинақ негізінде дәлелденді. Мақаламызда Шәкәрім ақын сөздерін мейлінше дұрыс оқуға тырыстық. Мақсат — Шәкәрім шығармаларының текстологиясы зерттеушілерін күтіп тұрған ең көкейкесті мәселе екендігіне қайталап назар аудару. Қ. Мұхамедханов, М. Мырзахметұлы, Ғ. Қабышұлы жекелеме өлеңдерінің мәтініне қатысты ойларын ортаға салды. Ғылыми қауым, әдеби орта әбден тексерілген, түбегейлі салыстырылған мәтінге мұқтаж. Сонда ғана шын мағынасындағы толық академиялық жинақ өз оқырманын табады.

Кілт сөздер: текстология, поэзия, Шәкәрім, қолжазба, канондық мәтін, шәкәрімтану, академиялық жинақ.

Kipicne

Текстология — қазақ әдебиетін зерттейтін ғылымда кенже қалып келе жатқан сала. Мәтінмен шұғылдану тонналаған руданың ішінен бірнеше грамм алтын іздейтін кеншілердің жанкешті еңбегін еске түсіреді. Текстология — қаламгердің жинақтарын баспаға дайындауға ең сенімді, ең алғашқы, түпнұсқалық мәтінді табу міндетін қояды. Текстология ғылымы жазушының төл қолжазбасына сүйенуді талап етеді. Бұл жағдайдың қазақ әдебиетін зерттейтін ғылымды тығырыққа тірейтін қиыншылығы бар. Оның басты себебі қазақ әдебиетінің ертеректегі тарихын былай қоя тұрып, XVIII–XIX ғасырда өмір сүрген қаламгерлеріміздің өз қолымен жазған (автограф) шығармаларының бізге жетпеуі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қолжазбаларының аумалы-төкпелі заманда өртеніп, жоғалып мұрагер ұрпақтың қолына тимеуі трагедияның үлкені. Төңкеріс заманы, одан бергі саяси қуғын, жаппай қырғын, репрессия Шәкәрім мұрасын сақтауға мүмкіндік бермеді. Бұл — мәтінтанудағы, әсіресе Шәкәрім мұрасын жариялаудағы басты кедергі, ойсыраған олқылық. Қолжазба мұраларының бүгінгі күнге жетпеуі жүйелі, тиянақты ізденістерге қолбайлау болып келе жатқандығы мәтінтанудың көсегесі көгермеуіне басты себеп. Олай дейтініміз, мәтінтану үнемі қағаберіс қалуда. 1959 жылы жарық көрген Қайым Мұхаметхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» монографиясынан кейін бірде-бір монографиялық зерттеудің жазылмауын қалай түсіндіреміз? Ауыз әдебиетінің, айтыстың текстологиясына қатысты ұжымдық еңбектер баспа көрді, әр кездері, әр жылдарда жазылған мақалаларды да жоққа шығара алмаймыз, керекті, қажетті дүниелер. Жоғары оқу орындарында мәтінтану мамандығы бойынша магистранттар мен бакалаврларды дайындау ісінің жолға қойылмауы да мәселенің көкейкестілігін айқындай түседі.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөзі Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911, 1912, 1924, 1935 жылдары жарық көрген кітаптары. «Айқап», «Қазақ», «Абай», «Сарыарқа», «Таң» т.б. XX ғасыр басындағы газет-журналдардағы ақынның басылған шығармалары.

Зерттеу жұмысын жазу барысында алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін тарихи жүйелеу, әдеби талдау, тарихи-салыстырмалы сипаттау, жинақтау әдіс-тәсілдері қолданылды.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: akma.2000.2006@mail.ru

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының мәтіндік проблемалары төңірегінде ой өрбітпес бұрын Шәкәрім есімінің жазылуы хақында бірер сөз. Қазақ тұрмысында азан шақырылып қойылған есім мен ауыл-аймақ, ел-жұрт арасында берілген, қалыптасқан есімнің егіз қатар жүруі «қағазсыз заңдастырылған» гадеттер қатарында. Ешқандай оғаштығы жоқ, әдепкі жағдай іспетті. Бұған дәлел — XIX ғасырда ғұмыр кешкен ұлыларымыз Абай (азан шақырып қойылған есімі Ибраһим) Құнанбаев, Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин, Шоқан (Мұхамед-Ханафия) Уәлиханов есімдерінің халық аузында, кейініректе жазба деректерде сіңісіп кетуі. Осы үрдіс Шәкәрім антропониміне де қатысты. Ғұлама Шәкәрім төл есімінің мән-мағынасын түсінген, жете білген. Көзі тірісінде баспа көрген кітаптарында, газет-журналдарда жарияланған дүниелерінде бадырайтып «Шаһкәрім» деп көрсеткен. Орыс харпімен жазғанда «Шахкарим» деуден танбаған. Мәселен, араб әрпімен басылған 1911 жылғы «Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі» [1], 1912 жылы Семейде «Жәрдем» баспаханасынан шыққан «Қазақ айнасы» [2], «Қалқаман-Мамыр» [3] кітаптарында «Шәкәрім Құдайбердіұлы» деп барынша анық жазса, «Айқап» журналындағы «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» мақаласының соңында мекен-жайын кириллицамен: «Ст. Аркат, Семипал. обл., Ченгизской волости, киргизу Шахкариму Худайбердину» [4], — деп тайға таңба басқандай айқын қағазға түсірген. Абайтанушы Қайым Мұхаметханұлы тек қана «Шаһкәрім» үлгісін қолданса, қазақтың көрнекті жазушысы Р. Сейсенбаев та «Шаһкәрім» вариантына тегіннен тегін «жабысып» қалмаған. Тек кейінгі ұрпақ араб әліпбиін ескермегендіктен түрліше жазып жүр. Жазушы Дәулет Сейсенұлы «Егемен Қазақстанда» жанайқайын білдіріп, Шәкәрім есімінің түрліше бұрмаланып жазылып жүргендігін дер кезінде мәселе етіп көтерген-ді. Марғау қалпымыздан өзгерген жоқпыз.

Барша деректер бір арнаға құяды. Ақынның азан шақырып қойған есімі — Шаһкәрім. «Шаһ» сөзі парсы тілінде «патша», «сұлтан» лауазымдарын білдіреді. «Карим» (Алла тағаланың 99 көркем есімдерінің бірі «әл-Карим») — араб тілінен аударғанда **жомарт, ақ көңіл, шарапатты, сыпайы, қымбатты** ұғымдарын береді. «Шаһкәрім» толық күйінде «кең пейілділіктің, жомарттықтың, сыпайылықтың патшасы, иесі» мағынасын жеткізеді. Ендеше бұл аса қастерлі есім. Шәкәрім антропонимі қолданыста жүре беруге хұқылы. Ресми қолданыста «Шәкәрім (азан шақырып қойған аты Шаһкәрім) Құдайбердіұлы» деп жазсақ қателеспейміз.

Шәкәрім текстологиясын сөз етуде алдымен назар аударатын мәселелеріміз. Бірінші Ш. Құдайбердіұлының көзі тірісінде жарық көрген кітаптары: «Мұсылмандық кітабы», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Жолсыз жаза», «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр», «Дубровский». Сондай-ақ көзі тірісінде газет-журналдарда шыққан туындылары. Ақын қолжазбаларынан бізге жеткені С. Мұқановқа жолданған хаты және фотосуреті сыртындағы жазу. Басқасы жойылған, өртелген, қолды болған.

Шәкәрім қолжазбалары Қытайдағы қандастарымыздың қолында болуы ғажап емес. Зият Шәкәрімұлы Қытайға өткенде өзімен бірге әкесінің қолжазбаларын ала кеткен. Ол қолжазбалардың тағдыры әзірге белгісіз. Мұрағаттанушы марқұм Б. Байғалиев қолжазбалар негізінде «Иманым» кітабын жариялады. Қолжазба деректерді жинастыру, ғылыми құндылығын анықтау, салыстыру, айналымға енгізу мәтінтанушылар атқармақ кезек күттірмес зәру мәселелерден саналады. Көрнекті шәкәрімтанушы, академик З. Ахметов: «Түгелдей алғанда Абай шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеуде айтарлықтай табысқа қол жетті, академиялық толық жинақтағы шығармалардың текстері дәйекті түрде анықталды дей аламыз. Ал енді нақтылап айтсақ, қолжазбалардың ең негізгісі, толығы — 1905, 1907, 1910 жылғы Мүрсейіт Бікеұлының жазбалары. Санкт-Петербургта басылған Абай шығармаларының тұңғыш жинағындағы текстерді де түпнұсқа ретінде қараған орынды» [5; 259], — деген ұсыныс жасайды. Көшірмеші Мүрсейіт пен ақын дүниеден өткеннен кейін ұрпақтарының жинақтап, құрастыруымен шыққан кітапты түпнұсқа есебінде қабылдасақ, Шәкәрімнің көзі тірісінде өз қолымен баспаға тапсырған кітаптары мен газет-журналдардағы материалдарды канондық мәтін деңгейінде айналымға түсірудің әбестігі жоқ.

Ең соңында, есте ұстайтын жайт Ахат Шәкәрімұлы қолжазбаларының құндылығы, пайдалылығы. Құрқұдықта көмусіз қалған әке қасіреті текті тұяқ Ахатты қатты ойландырса керек. Бар мақсаты — әке мұрасын кейінгі ұрпаққа шашау шығармай жеткізу. Ұлттық кітапхананың қолжазбалар қорына, Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасына, Семейдегі Абай мұражайына көшірме жасап, тапсыруын басқаша түсіндіру мүмкін емес. «Біздің байқауымызша, дәл бүгінгі күні ғылымға белгілі көшірмелердің ішіндегі айрықша құндысы — ақынның бел баласы Ахат

1936 жылы Республикалық көпшілік кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған екі томдық жинағы (№ 188, № 210). Зерттеушілердің бағдарда ұстамақ қымбатты қазынасы Ахат қолжазбасы екендігін естен шығармаған абзал.

Шәкәрім текстологиясын зерттеу объектісіне айналдырғанда төмендегі ойларды назарда ұстаған жөн. Қандай да болмасын қаламгердің мұрасын тану мәтінтанудан басталмақ керек. Неге десеңіз бір қаріптің өзгеруі шығарманың көркемдік құны мен айтпақ ойына, образдар жүйесіне зор нұқсан келтіруі әбден мүмкін. Мәтіннің бұзылуы, жариялаудағы ұқыпсыздық қауіп-қатердің орасан зоры екендігін ұққан айқын.

Шаһкәрімнің өзін сөйлетейік:

«Қазақ тілі» газетінің басқармасына өтініш.

Төменгі сөзіме газетіңізден орын берсеңіз екен.

Баяғы түріктің атақты ақыны (поэт) Физули өлеңінің басында айтқан: «А, құдай! Менің өлеңімді үш түрлі антұрғаннан сақта. Бірінші, әннің ретін білмейтін кісіден сақта, себебі ондай кісіге айтқан жақсы өлең де жаман көрініп байыбына бара алмайды. Екінші, күншілден сақта, оның себебі жақсы өлеңімді жамандап, теріс мағыналап, халықтың жүрегіне азғыру салады. Үшінші, қате жазушыдан сақта, оның себебі менің «көз» деп жазғанымды «көр» деп жазып, ашық көзімді соқыр көрсетеді», – деген. Сол айтқандайын Ташкенттегі «Шолпан» журналы менің өлең қылған «Ләйлә-Мәжнүн» әңгімесін соншалық көп қате қылып басыпты. Оны түзеу қайтадан бір кітап жазғаннан қиын.

Кей өлең мүлде жоқ, кейінің жартысы жоқ, әріп қатесі есепсіз көп. Өлеңімді соқыр, ақсақ, шолақ қол қылыпты. Өлеңнен хабары бар кісі оқыса, ол менің кемшілігім емесін білер» [6].

Ұстазы Абайдың «іші алтын, сырты күміс сөз сарасын» жалықпай іздеудегі өнегесін ыждаһатпен қабылдаған. Сөздің құдіреті мен қасиетін қапысыз таныған.

Шәкәрім жинақтарында орын тепкен: «Ту тіккен Тобықтының қос басшысы, Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі», – деген жолдарды қалай түсінуге болады? Және «қос басшысы» 1988 жылы М. Мағауин түзген жинақтан басқасының баршасынан орын алса, бармағынды шайнағаннан басқа не шараң қалды?! «Қос басшы» Жуантаяқ пен Тоқтамыс болғаны ма? Жуантаяқ — Тоқтамыс батыр шыққан рудың аты емес пе?! «Қос басшы» емес «қолбасшысы» сөзінің тарихи танымға сәйкестігі қалай ескерілмеген? Ендеше текстология арқалар салмақ шектен тыс ауырлығын ұғыну шарт.

1988 жылдан Ш. Құдайбердіұлы жинақтары бірнеше рет басылып шығып жатыр. Қуанышты. Саннан сапаға көшер уақыт жетті. Шығып жатқан жинақтарға оқырман да, маман ғалымдар да лебіздерін білдірді. Қ. Мұхаметхановтың «Біздің міндет», «Шәкәрім шығармалары» жинағы жайында», «Құдай» деген сөзден құдай сақтасын...», Ғ. Сапаевтың «Ескеретін бір жай», Ж. Құжыманованың «Анық та танық болсын», Ғ. Қабышевтің «Шәкәрім «атеист» күйінде қала берсін бе?», «Ақын атамыз Шәкәрімнің аруағына хат» мақалалары, басқа да аталмаған еңбектер мәтінтануда ойсырап тұрған кемшіліктердің орын алғандығын айқындап береді. Өкініштісі өзгерген ештеңе жоқ. «Баяғы жартас, бір жартас». Осыншама енжар, бейжай қарау құптай қоярлық жағдай емес. Мәтінтанушының міндеті — бір қаріп қатесі болса да іздеп тауып, дәлелдеп, кәдеге асыру. Одан артық бақытты да, ләзатты да таппайсыз.

Бірінші басылымды негізге ала отырып текстологиялық ізденістер жүргізілу керек. Бұл жерде істелмек дүние жетіп артылады. Бір ғана «Қалқаман–Мамыр» поэмасына тоқталайық. 1912 жылы «Жәрдем» баспаханасынан жарық көргенде «Қазақ тіліндегі тарихи хикая» деп атаған автор. «Мұтылған» псевдонимімен жариялаған. Алғаш жарнамасын жасаған «Айқап» журналы: «Мұтылған. «Қалқаман–Мамыр» — қазақ тілінде тарихи хикая. Шығарушысы һәм бастырушысы Шаһкәрім Хұдайберді-ұғлы. Бұл кітапта қазақта мұнан 190 жыл бұрын болып өткен бір оқиғаны қисса қылып өлеңмен жазылған. Оқушыларға әсерлі көркем кітап. Алушыларға Семипалатта «Ярдамъ» кітапханасынан алдыруға болады» [7].

Поэманы ұнатып, жылы сыни лебіз білдіруші «Қыр баласы» [Ә. Бөкейханов]. «Мұны шығарған «Қазақ һәм хандар» шежіресін жазған Шаһкәрім. Шаһкәрім Абайдың ағасы Хұдайберді баласы. Абай барда таласып ақындық қылып, жарыққа шықпай, көлеңкеде жүре берген. 1900 жылы Шыңғыс елін жазған Иван Филиппович Гусев Шаһкәріммен сөйлескен. Маған сонда айтты: «Жұрттың бәрінің аузына алғаны Абай. Шаһкәрімнің білімі де қазақта жоқ екен» [8], – деген жоғары баға шығарманың құндылығына ғана нұсқап қоймай, Шәкәрімнің биік парасат иесі екендігін дәлелдеп береді.

Назарымызды текстологиялық ізденістерге аударайық. 1912 жылы Шәкәрім өз қолымен баспаханға тапсырған жинақ алғашқы нұсқа есебінде. Тап-тұйнақтай. Небәрі 376 жол. Ахат Шәкәрімұлының Семейдегі Абай мұражайы қорына тапсырған қолжазбадан да айырмашылық көп

емес. Дегенмен бар. Жекелеме сөздердің жазылуында, сондай-ақ типография қызметкерлерінің баспаға дайындауында бірен-саран өзгерістер ұшырайды. Біздің міндетіміз, мүмкіндігінше, шағын болса да кездесетін айырмашылықтарды түзету.

Осы жерде ірі мәтінтанушы ғалым Зәки Ахметов естелігін келтіру артықтық етпес. М.О. Әуезов Абайдың 1957 жылғы екі томдығын дайындауда алты ай бойы үзіліссіз қолжазбалар мен түрлі басылымдарды салыстыруға уақыт тапқандығы, оған Ә. Марғұлан, І. Кеңесбаев сияқты дара тұлғаларды қатыстыруын тамсана еске алады. Асқан жауапкершілікпен әр сөзге мән беруі — есте сақтарлық өнеге.

«Әлекең (Марғұлан) Құдашевтің қолжазбасы деп аталған өзі Ленинград архивінен тапқан Абайдың бір топ өлеңдерінің тексі туралы айтып, «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңіндегі «Тастан түлкі табылар аңдығанға» деген сөздер «Таудан түлкі табылар аңдығанға» деп жазылған екен, анық дерегі бар сөз ғой, кітапқа солай берілгені жөн деген еді. Сонда Мұқаң үлкен білгірлік танытатын пікір толғады. «Тастан түлкі табылар» деген барлық кітаптарда және қолжазбаларда бар, әбден қалыптасқан, ел білетін орнықты сөз. Оны өзгертуге бір көшірме қолжазба, нақтылы дерек-ау дегенмен жеткілікті дәлел бола алмайды» деді. Қырдың түлкісі болады, далада жүреді, ол да қысталаңда бой тасалайтын жерін сағалай жүреді. Таудың түлкісі болады, тастың арасында жүреді. «Тас» деген сөздің өзінде «Тау» деген ұғым және бар. Бірақ «тау» деген жалпылама сөз, «тас» деген сөзде поэзияға тән нақтылық бар. Абайдың сөзді дәл тауып, айтқанын көзге елестетерліктей етіп көрсетуге жүйріктігі осы бір сөзінен-ақ байқалып тұр деді. Бірақ ана «таудан түлкі табылар» деген де бар екенін комментарий (түсініктеме) бергенде айтса болар еді. Басқалар түгел осы пікірді құптады [5, 268], – деп қуанышы қойнына сыймайды. Сөздің қасиетін осылайша ұғынуға ұмтылсақ қандай ғанибет.

ІІІ. Құдайбердіұлының 1988 («Жазушы»), 1990, 2006 жылғы кітаптарында «Қалқаман–Мамырдың» кіріспесі алынып тасталған. Ол мынау: «Бұл әңгіме 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған анық іс. Біздің қазақ қалмақтан жеңіліп, «Ақтабан шұбырынды» болғаннан бір-ақ жыл бұрын, Қалқаман–Мамырдың ісіне ескі қазақтар теріс көзімен қараса да, осы күнгі көңілінің көзі ашықтар жазасыз екенін біліп, дұға қылса керек. Өлгенді тірілтпесем де, өшкенді жандырғандай болсын деп биыл жүз тоқсан жыл болып, ұмытылған істі алдыңызға қойдым. Бұл әңгіме ақсақал аузынан да қалып бара жатыр. Сол асықтардың өзі кетсе де, ізі жоғалмасын дедім. Біздің ізіміз жоғалатұғынын ойлап...

Шәкәрім».

Көлемі шағын демесеңіз шығармада айтылмақ өзекті ойды қалтқысыз жеткізген. Бұлжымас дерек, өткенге барлау, адамгершілікті жол етіп ізгілікке ұмтылу авторлық позицияны ұғынуға жетелейді. Келесі басылымдарда авторлық аңдатпаның міндетті түрде жинақтан орын алуын қадағалауымыз керек.

Барлығымыз мақтап жүрген 1988 жылғы кітапта [9; 160]:

Көкенай, қарғамаймын, сөзіме бақ,
Ісім жөн, бір құдайға көңілім хақ.
Мойныңа менің қаным халал болсын,
Болма енді Қалқаманның қанына ортақ, – деп келетін жолдардан кейінгі бір шумақ мүлдем түсіп

қалған.

Кешікпей мен өлемін сен тірісің,
Іс емес құдай кешер қылған ісің.
Өлтіртпе, тілегім сол, Қалқаманды,

Барасың тәңір алдына білемісің? – деген шумақты қосып оқысақ, ой жүйесі қалпына келіп, мазмұн ашыла түспек. Қазақы әдет-ғұрыпты берік ұстанған тасбауыр жандарға Мамырдың соңғы тілегі тұтас күйінде жетер еді.

Мәтінде ұшырасатын «жоғалатұғынын» — «жоғалатынын», «ғашық болса» — «асық болса», «махабатлы» — «махабатты», «теңі жоқ» — «тегі жоқ», «әйтсе де» — «айтса да», «көнбеді» — «көнбейді» сияқты көптеген өзгеріске ұшыраған сөздерді түзеуге болар.

Соны айтып қамшы басты күрең атқа,
Қуса да жеткізбеді жәмиғатқа.

Ұлы жүз Елібайда нағашысы,

Жөнелді соған қарай Бұхар жаққа, – деп қара саннан садақтың оғы өтіп, қансыраған Қалқаманның нағашы жұртына бет түзеген бейдауа шағын суреттейтін шумақты жай әншейін әріп қатесіне қосу қиын. «Ұлы жүз **Елібайда** нағашысы» тармағының көпшілік жинақтарда «**Еділбайда** нағашысына» айналуы әрі күлерлік, әрі қиналарлық жайт. Елібай аталатын іргелі рудың «Еділбайға» ауыстырылуы баспагерлердің қазақ тарихы мен шежіресінен мағлұматы аздығын көрсетеді.

Ш. Құдайбердіұлы баспаға әзірлеген кітабына «Қалқаман–Мамырдан» басқа сегіз өлеңін қосқан. Олар: «Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Ер қоспақпен сөз сөйлемек», «Махаббат пен құмарлық», «Дүние мен өмір», «Мақтау мен сөгіс», «Міндеу мен күндеу». Бұл өлеңдерден де түрліше оқылған, әріп қателігіне ұшыраған сөздерді кездестіріп қаласыз.

1988 жылғы жинақты түзген үлкен ғалым М. Мағауиннің қолжазбаға сүйендік деген ескертуімен таныс едік. Бірақ аталған жинақтан 1912 жылғы басылымға енген «Шаруа мен ысырап», «Дүние мен өмір», «Міндеу мен күндеу» өлеңдерін таба алмадық. Қолжазбаларды актара түсу қажеттілігі туындайды.

«Ашу мен ынсап» өлеңінің 2008 жылғы жарияланымында [10] бірінші шумақ түсіп қалған. Алғашқы басылымдағы шумаққа назар аударайық [2; 13]:

Білгенімді жазушы ем,
Бекем буып белімді.
Мінін айтып қазушы ем,
Түзетпек боп елімді.

Өзін қатал сын тезінен өткізуден қаймықпайтын қайсар ақын мінезі бірден бой көрсетеді. Үшінші тармаққа: «Мінін айтып **қазушы ем**» деп нақтылай түседі. Барлық басылымдарда, мұның ішінде Ахат Шәкәрімұлының қолжазбасында да «**қазушы ем**» «**қалушы емге**» айналып кеткен. Логикалық, мазмұндық жағынан да «**қазушы ем**» нұсқасы жүрекке жақын, көңілге қонымды сияқты.

«**Көкіректе толған шер, көңіл қаяу**» — өлеңі алғаш рет 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан жарық көрген «Қазақ айнасында» жарияланған. Өлең 36 жолдан тұрады. Ақынның кейінгі жинақтарының барлығына еніп келеді. Өлең мәтінінде төмендегідей өзгерістер бар: 1988 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген жинақта бұл өлеңнің бірінші шумағы түсіп қалған. «Сүйер кісім, сүйенер жақыным жоқ, Бір өзіңе сыйындым **бар құдай-ау**» деген жолдағы «бар құдай-ау» сөзі 2006 жылғы «Жібек жолы» баспасынан жарық көрген ақын жинағында «бір құдай ау» деп басылған.

Бір момынның ұстасам түзу ісін,
Жөңдейін деп **ғаріптің** жөн жұмысын.
Ақтан безген ары жоқ өңкей залым
Ырылдатып жабады ит пен құсын.

Берілген шумақтағы «ғаріптің» сөзі 1988 жылғы «Жазушыда» және 2006 жылғы «Жібек жолынан» жарық көрген жинақта «ғарыптың», «ырылдатып» сөзі 1988 жылғы «Жалын» баспасынан шыққан кітапта «арылдатып» деп қате басылған.

«Мақтан, атақ іздесең **Құдайдан без**» дегендегі «құдайдан без» тіркесі 1988 жылғы «Жазушы» баспасында «адамнан без» деп берілген. 1912 жылғы басылымда «құдайдан без» деп анық жазылып тұрғандықтан, басшылыққа алыну керек деп есептейміз.

1912 жылғы жинақтағы «Өңкей батыр, **пәлекор** жас пен кәрі» деген жолдағы асты сызылған сөз 1988 жылғы «Жазушы» баспасында «жалақор» деп қате берілген.

1912 жылғы басылымдағы «Сені адам деп **ескеріп** кім **елейді**» деген жолдағы «ескеріп, елейді» сөздері кейінгі басылымдарда «есіркеп, ойлайды» деп орынсыз өзгеріске түскен.

Әрине, сен де бірге жүрсең екен,
К...-ді ашып көйлекті түрсең екен.
Абұйыр жоқ, сана жоқ, ақтан безіп,
Дамбал шеш, ит зікірге кірсең екен.

Мен **алалмын** дегенге жолдас қайда,
Екі көзі төрт болып қалар сайда.
Сырласы жоқ, сырласар жақыны жоқ,
Бар сүйеніш, үміті — бір Құдайда.

Бұл екі шумақ 1988 жылы «Жазушыда» түсіп қалған. Асты сызылған сөз 1988 жылғы «Жалында» «адалмын» деп басылған. Бұл өлеңдегі өзгерістер туралы абайтанушы Қ. Мұхамедханов «Құдай деген сөзден құдай сақтасын» [11] деген мақаласында жан-жақты талдап көрсеткен.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Абай мархұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» өлеңі 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан жарық көрген «Қазақ айнасы» кітабында жарияланды, жол саны — 160. Ал, содан бергі жарияланып келе жатқан жинақтарда, атап айтқанда, 1988 жылы «Жазушы» баспасы, 2006, 2008 жылдары «Халықаралық Абай клубы» баспалары мен 2008 жылғы «Арыс» баспасында — 132 жол болып берілген. 2006 жылы «Жібек жолы» баспасынан шыққан жинақта — 144 жол.

Абайдың «Жидебай–Бөрілі» мемлекеттік тарихи–мәдени және әдеби–мемориалдық қорық–мұражайының қорында Ахат Шәкәрімұлының Шәкәрім мұрасын өз қолымен жазып жинастырған, құнды деректер сақталған [12]. Бұл деректер Шәкәрім мұрасы мәтінінің қалпына келтіру жұмыстарында бірден-бір дереккөз болары анық. Осы «Қазақ айнасы» (бірінші бөлім) өлеңдер жинағында «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» — 160 жол.

Әр баспада жол санының әртүрлі болуының себебіне тоқталып өтсек. Өлеңнің:

Біле тұра батпақтап,
Не болса соны шатпақтап.
Құдайды қайтіп көресің,
Бойынды боқпен сатпақтап.

Және де:

Жәрдемші кім онда да,
Қаруым қайсы сонда да.
Ақ жүреппен Аллаға,
А, құдай, өзің онда де.

Таусылмаса арманың,
Қиылмаса қалғаның,
Тіпті бекер болмай ма,

Бір Аллаға нанғаның — деген шумақтары 1912 жылғы жинақ пенен Ахат Шәкәрімұлы қолжазбасында ғана бар, қалған жинақтардан түсіп қалған. Бұның себебі сол кездің саясатының жемісі болар, ал кейінгі жинақтарда сол кемшілікті толықтырудың орнына тек жаңартылып көшірілген ғана. Дегенмен өлеңнің соңғы үш шумағы 2006 жылғы «Жібек жолы» баспасынан шыққан жинаққа енген, қалған жинақтарда жоқ.

Өлеңнің жол саны ғана емес ішкі мәтіні де біраз өзгеріске ұшыраған. 1912 жылғы «Жәрдем» баспасынан шыққан «Қазақ айнасы» кітабында аталмыш өлеңнің екінші «Алланың жазған ақ өлім, Құтылып онан кеттің бе?» және тоғызыншы «Алдында кірер үйің бар, А, құдай, онда деп отыр», жиырма үшінші «Ақ ісіңе құдай жақ, Адамнан тіпті шошыма» — деп келген шумақтардағы «алла», «құдай» сөздері жинақтарда «тағдырың», «тоба», «адам» деп алмастырылған. Ахат қолжазбасында өзгеріссіз өз қалпында берілген. Бұл әлбетте түсінікті жай.

Келесі кездесетін қателіктерді кесте түрінде берсек түсінікті болар:

Шумақ	1912 ж. Қазақ айнасы	Ахат қолжазбасы	Жинақтар
6-шумақ	Өзің кімнен көп едің, Кім үшін уайым жеп едің? Күдерінді үздің бе, Сүйенішім мықты деп едің	Өзің кімнен көп едің, Кім үшін уайым жеп едің? Күдерінді үздің бе, Сүйенішім мықты деп едің	Өзің кімнен кем едің, Кім үшін уайым жеп едің? Күдерінді үздің бе, Сүйенішім мықты деп едің

Шумақ	1912 ж. Қазақ айнасы	Ахат қолжазбасы	Жинақтар
7-шумақ	Қанеки, қайтіп келді ме, Жаныңа жәрдем берді ме? Жалаңдаған жалмауыз, Жан-жағыңнан керді ме?	Қанеки, қайтіп келді ме, Жаныңа жәрдем берді ме? Жалаңдаған жалмауыз, Жан-жағыңнан керді ме?	Қанеки, қайтіп келді ме, Жаныңа жәрдем берді ме? Жалаңдаған жалмауыз, Жан-жағыңнан керді ме?
22-шумақ	Еш нәрсеңді алмайды, Жұмысы келсе, жалдайды. Сүй , отқа түс, суға түс, Арам да болсаң, қалмайды.	Еш нәрсеңді алмайды, Жұмысы келсе, жалдайды. Сүй , отқа түс, суға түс, Арам да болсаң, қалмайды.	Еш нәрсеңді алмайды, Жұмысы келсе, жалдайды. Күй , отқа түс, суға түс, Арам да болсаң, қалмайды.

6-шумақтағы «көп» сөзі жинақтарда «кем» болып жүр. Шәкәрім қажы өзіне Абайдай сүйеніші барда, өзгеден көп болып, уайымсыз жүрген күндерден күдерін үзгенін айтады. Сондықтан да жинақтардағы «кем» сөзі қате басылған.

Өлеңнің 7-шумағы. Осы шумақтағы «керді ме?» сөзі, Ахат жазбасынан басқа барлық жинақтарда «көрді ме?» деп жүр. Өлеңнің мағынасына жалаңдап келген жалмауыз жан-жағына келіп көруден, керіп келері айқын.

Өлеңнің 22-ші шумағы 1912 жылы шыққан кітаптағы «сүй» сөзі барлық жинақтарда «күй» деп жүр. Ахат қолжазбасында да «сүй» делінген. Мағыналық жағынан алсақ, күйдіріп алып қайта отқа түс демес, сондықтан да жинақтарда «күй» деп қате жазылып кеткенге ұқсайды.

Шәкәрім бұл өлеңді өзіне ғана емес қазақ халқына қаратып айтқан. Абайдай ардақтысын, қара сөздің қадірін түсінбей кеткен халқына наразы. Достықтың, туыс, жақынның адалдығын сынай айтып:

Адалдық айтып жеңді ме,
Немесе сөзге көнді ме?
Неше жылдай ұққан жоқ,
Ақылы жаңа енді ме? – деп қайғысын қара өлеңмен жеткізеді.

Шәкәрім мұрасын зерттеу — бір ғана тарихи кезеңнің үлесіндегі іс емес, келешек ұрпақтардың да еншісіне бұйыратын ұзақ та үздіксіз процесс. Ақынның әрбір сөзін дұрыс оқу үшін ең алдымен мәтіннің тазалығына ерекше назар аударуымыз керек. Осындай кемшіліктерді жекелей, ғылыми тұрғыда зерттей қалпына келтірсек үлкен жетістік болар еді.

Осы ретте тағы да бір мәнді мәселе — ақын өлеңдерінің жазылған уақытын анықтау. Мәтінтанушыларға, әдебиетші қауымға өте-мөте қажет дерек. Жай әншейін долбарға көнбейді. Иландыратын факт қажет. Дәл осындай қиыншылыққа кездескенде Ахат Шәкәрімұлының жазбасызбалары қол ұшын созары хақ. Бұрын ғылыми айналымға түскен қолжазбаларынан басқа облыстық, аудандық газеттерде жарияланған «Әкемнің шығармалары жайында» аталатын көлемді материалдар белгілі. Сонда қай шығармасының қашан, қандай жағдайларға байланысты жазылғанын жан-жақты әңгімелейді. Аталған дүниелерді және Ахат қолжазбаларының жариялауды күтіп жатқандарын баспаға ұсыну арқылы іздегенімізді жолықтырудан үміттіміз.

Қорытынды

Мәтінтану — әрекідік соғып өтуге алғызбайтын, тереңіне бойлатпайтын ғылым саласы. Жүйелі, табанды зерттеулермен ғана мақсатымызға жетеміз. Сонда ғана сапалы, пайдалы, қазыналы көп томдық сүйікті оқырманын табады.

Шәкәрім мәтін түзулігі, ой айқындығына қатты көңіл бөлген. «Ләйлә–Мәжнүн» 1922-1923 жылдары Ташкент қаласында шығып тұрған «Шолпан» журналында жарияланғанда, белгісіз себептермен жариялану барысында қисапсыз қателердің орын алуы ақынды қатты күйзелткен. Мәтіннің адам айтқысыз қателікке ұшырауы сөз қадірін жанымен ұғатын нәзік сезімнің, салиқалы ойдың иесі қиналыспен қабылдап, қолына қалам алған. Шәкәрім — суреткер, мәтін тазалығына аса жоғары талап қойса, зерттеушілердің алдындағы қиын түйіні сол деп ұғалық.

«Ғылыми талап дегенде нендей талапты ескеру міндеттілігі Абайдың толық жинақтарының басылым үрдісінде қаншалықты күн тәртібінде тұрды, қалай шешім тапты дейтін мәселе абайтану тарихында арнайы зерттеу нысаны болмаған» [13; 6], дәл осы іспеттес Шәкәрім шығармалары да әлі күнге дейін тыңғылықты зерттелген жоқ.

Текстологиялық ізденістер Шәкәрім шығармашылығын зерттеу объектісінің ең маңызды арнасы. Барлық үлкенді-кішілі дүниелерді жинақтап, түрлі салыстырулар жасап, бөтен шығармалардың еніп

кетпеуіне абай болып, әсіресе қолжазбаларды жіптей тізіп сарыла үңілуден соң ғана мәтін бастапқы қалпына оралары хақ. Шынайы мәтін анықталмай, түгенделмей басқа зерттеулерге ауысу жеңілейтіп айтсақ, асығыстыққа, дұрысына көшсек, шалағайлыққа апаратындығы сөзсіз.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландырылатын «АР 14869894 Абай қарасөздерінің тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі / Ш. Құдайбердіұлы. — Орынбор, 1911. — 115 б.
- 2 Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы / Ш. Құдайбердіұлы. — Семей: Ярдәм, 1912. — 49 б.
- 3 Құдайбердіұлы Ш. Қалқаман-Мамыр / Ш. Құдайбердіұлы. — Семей: Ярдәм, 1912. — 24 б.
- 4 Құдайбердіұлы Ш. Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын / Ш. Құдайбердіұлы // Айқап. — 1912. — №4. — Б. 96.
- 5 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі / З. Ахметов. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 272 б.
- 6 Құдайбердіұлы Ш. «Қазақ тілі» газетінің басқармасына өтініш / Ш. Құдайбердіұлы // Қазақ тілі. — 1924. — 31 январь. — №13 (412).
- 7 Жаңа шыққан кітаптар («Қалқаман-Мамыр» кітабының басылып шыққандығы туралы хабарланған) // Айқап. — 1913. — №14. — Б. 279.
- 8 Қыр баласы. Қалқаман-Мамыр (Шәкәрімнің шығармасына сын) / Қыр баласы // Қазақ. — 1915. — 22 апрель.
- 9 Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар / Шәкәрім. — Алматы: Жазушы, 1988. — 560 б.
- 10 Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. — Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. — Т. 2: Өкінішті ғұмыр. — 428 б.
- 11 Мұхаметханов Қ. «Құдай» деген сөзден құдай сақтасын / Қ. Мұхаметханов // «Қазақ әдебиеті» газеті. — 1988. — 17 март. — Б.10-11.
- 12 «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының» қоры. — КП 4499. — №28 бума
- 13 Абай өлеңдерінің текстологиясы. Ұжымдық монография. — Алматы: Evo Press, 2022. — 320 б.

А.Т. Смагулова, А.С. Еспенбетов, Б.А. Ердембеков

Проблемы текстологии в поэзии Шакарима

В статье рассмотрены текстологические вопросы и унификация произведений Шакарима. Стихотворения поэта, изданные при его жизни, опубликованные в печати в начале XX века, рекомендуются изучать как текст, как если бы его проверил лично сам автор. В текстологических вопросах мы достигнем положительного результата только тогда, когда будем произведения Шакарима сопоставлять с рукописями сына поэта — Ахата Шакаримулы. Слова-опечатки в стихах Шакарима нашли доказательство в опубликованном сборнике 1912 года. В настоящей работе мы постарались максимально правильно воспроизвести произведения поэта Шакарима. Цель авторов статьи состоит в том, что они утверждают, что текстология произведений Шакарима — самая актуальная проблема, ожидающая своего исследователя. К. Мухамедханов, М. Мырзахметулы, Г. Кабышулы высказали свои мнения по поводу текста стихотворений Шакарима. Научный мир и литературное сообщество нуждаются в четко выверенном, принципиально сопоставимом тексте. Только в этом случае академический сборник обретет истинный смысл и найдет своего читателя.

Ключевые слова: текстология, поэзия, Шакарим, рукопись, канонический текст, шакаримоведение, академический сборник.

A.T. Smagulova, A.S. Yespenbetov, B.A. Yerdembekov

Problems of textual criticism in the poetry of Shakarim

In the article the textual issues and the unification of Shakarim's works is considered. The works of the poet published during his lifetime, published in print at the beginning of the twentieth century, are recommended to be considered as a text followed by the author himself. In textual matters, we will achieve results only when we consider Shakarim's works in comparison with the manuscripts of the poet's son Akhat

Shakarimuly. The misspelled words in Shakarim's poems are proved on the basis of the collection of 1912. In this work, we tried to read the works of the poet Shakarim as correctly as possible. The purpose of the authors of the article is that they argue that the textual criticism of Shakarim's works is the most pressing problem awaiting its researcher. K. Mukhamedkhanov, M. Myrzakhmetuly, G. Kabyshuly expressed their thoughts about the text of Shakarim's poems. The scientific community and the literary environment need a fully verified, fundamentally comparable text. Only in this case the academic collection will gain true meaning and find its reader.

Keywords: textual studies, poetry, Shakarim, manuscript, canonical text, Shakarim studies, academic collection.

References

- 1 Qudayberduly, Sh. (1911). Turik, qyrgyz, qazaq ham khandar shezhiresi [Chronicles of Turkish, Kyrgyz, Kazakh and Islamic Khans]. Orynbor [in Kazakh].
- 2 Qudayberdiuly, Sh. (1912). Qazaq aynasy [Kazakh mirror]. Semey: Yardam [in Kazakh].
- 3 Qudayberduly, Sh. (1912). Qalqaman-Mamyr [Qalqaman and Mamyr]. Semey: Yardam [in Kazakh].
- 4 Qudayberduly, Sh. (1912). Bilimdilerden bes turli sozdin sheshuin suramyn [I ask the educated to solve five different words]. Aiqap, 4, 9 [in Kazakh].
- 5 Akhmetov, Z. (1995). Abaidyn aqyndyq alemi [The poetic world of Abai]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 6 (1924). Qazaq tili gazetining basqarmasyny otinish [Application to the management of the newspaper "Kazakh Tili"]. Qazaq tili, 13 (412) [in Kazakh].
- 7 (1913). Zhana shyqqan kitaptar («Qalqaman-Mamyr» kitabynyn basylyp shyqqandygy turaly khabarlangan) [New books (the publication of the book "Kalkaman-Mamyr" is reported)]. Aiqap, 14, 279 [in Kazakh].
- 8 Qyr balasy. (1915). Qalqaman-Mamyr (Shakarimnin shygarmasy syn) [Kalkaman-Mamyr (Criticism of Shakarim's work)]. Qazaq [in Kazakh].
- 9 Shakarim (1988). Olender men poemalar [Poems]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 10 (2008). Qudaiberdiuly Shakharam zhygarmalarynyn uzh tomdyq zhinagy. Tom 2. Okinishti gumyr [A three-volume collection of works by Qudaiberdyula Shakarim. Vol. 2: Sad life]. Almaty: Khalyqaralyq Abai kluby [in Kazakh].
- 11 Muhametkhanov, Q. (1988). «Quday» degen sozden quday saqtasyn [God forbid from the word "God"]. Qazaq adebyeti, 10-11 [in Kazakh].
- 12 Abaidyn «Zhidebay-Borili» Memlekettik tarikhi-madeni zhane adebi-memoryaldyq muzei-qorygynyn» qory. KP 4499, No 28 buma ["The state historical, cultural and Literary-Memorial Museum-Reserve" "Zhidebay-Borili" of Abai fund] [in Kazakh].
- 13 (2022). Abai olenderinin tekstologiyasi [Textology of Abai's poems. Collective monograph]. Almaty: Evo Press [in Kazakh].

Information about authors

Smagulova A.T. — Candidate of Philological Sciences, Head of the Scientific Research Center «Abai zhane ulttyk rukhaniyat», NCJSC «Shakarim University of Semey», Semey, Kazakhstan. E-mail: akma.2000.2006@mail.ru.

Yespenbetov A.S. — Doctor of Philological Sciences, Professor, NCJSC «Shakarim University of Semey», Semey, Kazakhstan. E-mail: arap_espenbetov@mail.ru.

Yerdembekov B.A. — Doctor of Philological Sciences, Professor, NCJSC «Shakarim University of Semey», Semey, Kazakhstan. E-mail: yerdembekov_baurzhan@shakarim.kz.